«Бекітемін»
«Балбөбек» бөбекжай-бақшасының
басшысы [signature] Г.О.Текебаева
28. 11. 2024 ж

**«Қошақан» тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі**

| №<br>р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас тобы |
|---|---|---|
| | | орта жас тобы<br>(3 жастан бастап ) |
| 1 | Дене тәрбиесі | аптасына үш рет<br>Дүйсенбі 10.00-10.15<br>Сәрсенбі 10.00-10.15<br>Бейсенбі 10.00-10.15 |
| | Дене тәрбиесі ** | Күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | Күн сайын |
| | Қазақ тілі ** | Күн сайын |
| 3 | Математика негіздері | Күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | Күн сайын |
| 6 | Сурет салу | Күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 7 | Музыка | аптасына бір рет<br>Сейсенбі 10.00-10.15 |
| | Музыка **** | Күн сайын |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы : «Балбөбек» бөбекжай бақшасы**
**Топ: «Қошақан» мектепке дейінгі орта жас тобы**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: І педкеңес 28 тамыз 2024 жыл**
**Айы: Қыркүйек**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру.<br>**Жүгіру**. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық).<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру**. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, |

| | |
|---|---|
| | автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуді;<br>**Сөздік қор:**<br>ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; |
| **Көркем әдебиет** | Оқу, әңгімелеу барысында ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру; |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Күнделікті еркін ойында балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары ментабиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету<br>**Шама.**<br>ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;<br>**Геометриялық пішіндер**<br>геометриялық пішіндерді тану және атау<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>**Уақытты бағдарлау.** |

| | |
|---|---|
| | тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; |
| **Сурет салу** | Көкөністер мен жемістердің суретін салу<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; |
| **Жапсыру** | Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету<br>Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын атау дағдыларын қалыптастыру<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушығакөмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл туралы білімдерін қалыптастыру<br>Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің,бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), |

| | |
|---|---|
| | бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.<br>**Ән айту:** Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.<br>**Музыкалық ойындар:** Қимылды және дидактикалық ойындардың ережелерін есте сақтау және орындау. |

**Айы: Қазан**

| Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** тура жолмен, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүру.<br>**Жүгіру**. Алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**. Затты төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) лақтыру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның еңбектеу.<br>**Секіру**. Құрсаудан құрсауға секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру**. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Спорттық жаттығулар.** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту<br>**Сөздік қор:**<br>Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;<br>жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру (ойыншықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиһаздар).<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуді;<br>шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау мен ересектердің сөзін тыңдау және түсіну дағдыларын дамыту |
| **Көркем әдебиет** | Оқу, әңгімелеу<br>Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру;<br>Кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуде<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары ментабиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>"Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Шама.**<br>ұзындығы мен ені бойынша , биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; |

| | |
|---|---|
| | **Геометриялық пішіндер**<br>геометриялық пішіндерді тану және атау<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша және ойдан құрастыру |
| **Сурет салу** | Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды,<br>бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал) үйрету<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойынан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;<br>алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру. |
| **Жапсыру** | Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету<br>бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау<br>Желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу,<br>ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуін қалыптастыру; |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушығакөмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауғатәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** |

| | |
|---|---|
| | Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Балалар тұратын қала мен ауыл туралы білімдерін қалыптастыруды пысықтау. Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің,бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br><br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыруды жетілдіру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді игерту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау, саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу дағдыларын қалыптастыру |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау.<br>**Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық- ырғақтық қимылдар**: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>**Музыкалық ойындар:** Қимылды және дидактикалық ойындардың ережелерін есте сақтау және орындау. |

**Айы: Қараша**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;<br>аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүру**<br>**Тепе - теңдікті сақтау.**Қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру**. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**.Допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**Доғаның астымен (биіктігі 40 см) еңбектеу.<br>**Секіру.** Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру,** бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Спорттық жаттығулар.** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты(а,ә,е,о,ұ)және кейбір дауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,артикуляциялық аппаратты дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы(ойыншықтар,киім,аяқкиім,ыдыс,жиһаз)және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту. |
| **Көркем әдебиет** | Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру;<br>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру,оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты,сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді(«бөпе»,«аға»,«апа»,«іні»,«қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу(бар,кел,айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап,әңгімелесе білуге баулу. |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу<br>**Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша(ұзын-қысқа,биік-аласа, артық-кем) салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған |

| | |
|---|---|
| | фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында үйрету<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту:күндіз-түнде,таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға,қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға,ұқыптылыққа баулу. |
| **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу,олардың қиылысуын жүргізе білу,әр түрлі пішіндегі ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар, заттарды бейнелеуді<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға,ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Кесектерді алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді(ыдыстар,ойыншықтар) үйрету.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға,ұқыпты болуға баулу. |
| **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды үйрету.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала оның отбасы,үйі.**<br>өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту<br>**Заттық әлем.**<br>заттардың сапаларымен қасиеттерін: сипап сезу,дәмін көру,есту арқылы тануды қалыптастыру<br>**Көлік байланыс құралдары.**<br>Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне(мейірімді,жанашыр)аудару<br>**Менің Отаным–Қазақстан.**<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. |

| | |
|---|---|
| | **Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа- райының жағдайын анықтау(суық,жылы,ыстық),табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>топта(терезенің алдын ашықпау,розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады.<br>**Ән айту:** Әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау. жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>**Музыкалық ойындар:** Қимылды және дидактикалық ойындардың ережелерін есте сақтау және орындау. |

**Айы: Желтоқсан**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.**Бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың үстімен жүру.<br>**Жүгіру**. Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу.**Затты оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м қашықтық) лақтыру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**Көлбеу модуль бойымен еңбектеу.<br>**Секіру.** 15-20 см биіктіктен секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Спорттық жаттығулар.** Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>зат есімдерді, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету |
| **Көркем әдебиет** | Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру;<br>Өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды:<br>Сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру<br>**Шама.**<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдеріарқылы салыстыруды үйрету<br>**Геометриялық пішіндер** |

| | |
|---|---|
| | Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін:<br>цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Сурет салу** | Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді.<br>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру.Қағаз бетінде көлемі,түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды,содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойынәрекетіне ынталандыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару<br>**Менің Отаным – Қазақстан.** |

| | |
|---|---|
| | Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді үйрету.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау.<br>**Ән айту:** Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.<br>**Музыкалық ойындар:** Қимылды және дидактикалық ойындардың ережелерін есте сақтау және орындау. |

**Айы: Қаңтар**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру.<br>**Жүгіру**. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**.. Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**Туннель арқылы еңбектеу.<br>**Секіру.** Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Спорттық жаттығулар.** Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды меңгерту<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. |
| **Көркем әдебиет** | Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру;<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлерінежанашырлық танытуға тәрбиелеу |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру<br>қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>**Шама.**<br>салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар сөздерімен |

| | |
|---|---|
| | белгілеу<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: алдында-артында<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-карсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| **Сурет салу** | Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді.<br>бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.<br>Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін жасап (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. |
| **Мүсіндеу** | Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алуды, жаймадағы дайын үлгіге жағуды, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды жетілдіру.<br>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Заттар, ойыншықтар,кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** |

| | |
|---|---|
| | Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне ( қамқор, сезімтал және іскер) аудару<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атауын қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,<br>табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді меңгерту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау.<br>**Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.<br>**Музыкалық ойындар:** Қимылды және дидактикалық ойындардың ережелерін есте сақтау және орындау |

**Айы: Ақпан**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; таяқтың, біліктің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналып жүру.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см).<br>**Жүгіру**. Тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**.Допты заттардың арасымен, қақпаға домалату.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**Саты бойымен өрмелеу.<br>**Секіру.** Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Спорттық жаттығулар.** Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>ертегілер көргеннен кейін балалардың алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету |
| **Көркем әдебиет** | Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.Тақпақтарды, |

| | |
|---|---|
| | өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру;<br>Шығарманың кейіпкерлерінежанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылауды ұйымдастыру. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға беймдеу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыру<br>**Шама.**<br>салыстыру нәтижелерін<br>ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісінеқарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып,бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. |
| **Сурет салу** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету<br>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне |

| | |
|---|---|
| | қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулуды жалғастыру. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйретуді пысықтау. |
| **Жапсыру** | Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (еңбекқор, ұқыпты) аудару<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін пысықтау.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, күтім жасау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау |

| | |
|---|---|
| | (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу дағдыларын дамыту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>топта қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, терезенің алдына шықпау, розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау дағдыларын қалыптастыру |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.<br>**Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Ойындарға, хор айтуға қатысу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.<br>**Музыкалық ойындар:** Қимылды және дидактикалық ойындардың ережелерін есте сақтау және орындау. |

**Айы: Наурыз**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Әртүрлі бағытта: ура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүру.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру**. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**.Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 м).<br>**Секіру.** Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Спорттық жаттығулар.** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы адамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру дағдысын жетілдіру<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруды, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды дамыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды үйрету |
| **Көркем әдебиет** | Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларғасөздер мен қарапайым сөз |

| | |
|---|---|
| | тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру; |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштардыжаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>«Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама.**<br>салыстыру нәтижелерін бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды пысықтау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауды, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып,дайын болған құрылыспен бірге ойнау дағдысын жетілдіру. |
| **Сурет салу** | Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |

| | |
|---|---|
| **Мүсіндеу** | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. |
| **Жапсыру** | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіруді. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.** өзінің отбасы, отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге үйрету **Заттық әлем.** Қазақ халқының тұрмыстық заттарын тану және атау дағдысын кеңейту **Көлік, байланыс құралдары.** жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. **Еңбекке баулу.** Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесінқалыптастыру. **Менің Отаным – Қазақстан.** Қазақ халқының дәстүрлі киіз үймен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. **Өсімдіктер әлемі.** Ағаштардың, дала гүлдерін тану және атау, өсімдік бөліктерін тануын қалыптастыру **Жануарлар әлемі.** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді пысықтау. **Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. |

| | |
|---|---|
| | Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.<br>**Ән айту:** Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.<br>**Музыкалық ойындар:** Қимылды және дидактикалық ойындардың ережелерін есте сақтау және орындау. |

**Айы: Сәуір**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың үстімен жүру.<br>**Жүгіру**. белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**. Затты оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м қашықтық) лақтыру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** көлбеу модуль бойымен еңбектеу.<br>**Секіру.** 15-20 см биіктіктен секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Спорттық жаттығулар.** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды меңгерту.<br>**Сөздік қор.**<br>тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| **Көркем әдебиет** | Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру;<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескенойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге,сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштардыжаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануды пысықтау.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруін қалыптастыру<br>**Шама.**<br>Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші |

| | |
|---|---|
| | сөздерімен белгілеуін дамыту<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау. |
| **Сурет салу** | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау.<br>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту.<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. |
| **Мүсіндеу** | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру.<br>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. |
| **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>заттардың атқаратын қызметтерін түсінуін меңгерту<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** |

| | |
|---|---|
| | Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамытуды жетілдіру<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>кейбір көгөністер мен жемістердің түрін тану және атау, қарапайым түсініктерді қалыптастыру пысықтау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды дамыту (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау) |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.<br>**Ән айту:** Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.<br>**Музыкалық ойындар:** Қимылды және дидактикалық ойындардың ережелерін есте сақтау және орындау. |

**Айы: Мамыр**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.**Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру.<br>**Тепе - теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру.<br>**Жүгіру**. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық).<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 м).<br>**Секіру**. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру**.Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды меңгерту.<br>**Сөздік қор.**<br>тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| **Көркем әдебиет** | Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру;<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге,сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштардыжаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануды пысықтау.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруін қалыптастыру<br>**Шама.**<br>Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуін дамыту<br>**Геометриялық пішіндер** |

| | |
|---|---|
| | Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау. |
| **Сурет салу** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту.<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. |
| **Мүсіндеу** | Кесектерді алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді(ыдыстар,ойыншықтар) үйрету.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға,ұқыпты болуға баулу. |
| **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>заттардың атқаратын қызметтерін түсінуін меңгерту<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамытуды жетілдіру<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. |

| | |
|---|---|
| | **Өсімдіктер әлемі.**<br>кейбір көгөністер мен жемістердің түрін тану және атау, қарапайым түсініктерді қалыптастыру пысықтау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды дамыту (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау) |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау.<br>**Ән айту:** Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>**Музыкалық ойындар:** Қимылды және дидактикалық ойындардың ережелерін есте сақтау және орындау. |